



«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Жыл сайынғы стандартты ақпараттандыру аясында «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 102-бабы 3-тармағының талабына және «Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (отырыстың 2021 жылғы 10 наурыздағы № 14 хаттамасы) бекітілген Рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелеріне 1-қосымшаның 3-кестесінің 9-тармағына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру арқылы Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қабылданған шешімге (2024 жылғы 25 сәуірдегі № 50 хаттама) сәйкес бір жай акцияға 25,43 теңге көлемінде 2023 жыл қызметінің қорытындылары бойынша Банктің жай акциялары (ISIN KZ000A0LE0S4) бойынша дивидендтер төлеу аяқталғаны туралы хабарлайды.

2024 жылғы 15 мамыр басындағы (00 сағат 00 минут) жағдай бойынша (Алматы қаласының уақыты бойынша) дивидендтер алуға құқығы бар акционерлер тізіміне сай төленуі тиіс Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер сомасы 277 397 404 056,36 теңгені, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша – 79 044 566 410,80 теңгені құрады.

Банктен дивидендтер төлеу үшін немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде өзекті деректемелері бар Банк акционерлеріне нақты төленген дивидендтер сомасы 2024 жылғы 3 маусымнан бастап (дивидендтерді төлеу басталған күн) 24 шілдені қоса алған күнге дейін 276 690 833 311,89 теңгені, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша – 79 044 566 410,80 теңгені құрады.

Есептелген, бірақ акционерлердің өзекті деректемелерінің болмауына байланысты төленбеген, жалпы сомасы 706 570 744,47 теңге дивидендтерді Банк 2024 жылғы 25 шілдеде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-да (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ашылған шотқа аударды.

Сонымен Банк акционерлері Банк өзінің жай акциялары бойынша есептеген, бірақ акционерлер ала алмаған дивидендтерді алу үшін Орталық депозитарийге келесі мекенжайлар бойынша:

050040/A15P5B5, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8 үй, 163-тұрғын емес үй-жай (байланыс телефоны: +7 727 355 47 60, +7 727 262 08 46);

немесе қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Орталық депозитарийге трансфер-агент қызметін көрсететін «Қазпошта» АҚ кеңселеріне өтініш білдіруі қажет.

Алдыңғы жылдар бойынша ұқсас ақпаратты келесі сілтемелер арқылы табуға болады:

https://kase.kz/files/emitters/HSBK/hsbk_reliz_290823_kz.pdf

https://kase.kz/files/emitters/HSBK/hsbk_reliz_190123_kz.pdf

https://kase.kz/files/emitters/HSBK/hsbk_reliz_030821_kz.pdf

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселелері жөнінде қосымша ақпарат алу үшін акционерлер Топ капиталын басқару департаменті қызметкерлерінің +7 727 330 12 07, +7 727 244 76 94, +7 727 259 03 04, + 7 727 330 15 46, +7 727 259 05 99 байланыс телефондары бойынша хабарласуы қажет.